

Ұлан ауданында жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 2010 жылғы 15 сәуірдегі N 182 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұлан аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 21 мамырда N 5-17-130 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 2018 жылғы 14 ақпандағы № 165 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 14.02.2018 № 165 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 05.03.2015 № 239 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы "Қазақстан Республикасының Жер кодексі" Кодексінің 8, 11 баптарына сәйкес, Ұлан аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

Ескерту. Кіріспе бөлімі жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 05.03.2015 № 239 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жеке тұлғалардың елді мекендердегі және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлеріне жер салығының негізгі мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері белгіленсін:

1) I және II зоналар бойынша (Молодежный к., Таврия, Саратовка, Герасимовка, Казачье, Алмасай, Ленинка, Восточное, Бозанбай ауылдары) осы зоналарға кіретін мекендерге - 1,5;

2) III зона бойынша (Завидное, Ұлан ауылдары, Асубұлақ кенті) - 1,4; (Привольное, Донское) - 1,5;

3) IV зона бойынша (Гагарино) - 1,4; (Украинка) - 1,5;

4) V зона бойынша (Жаңа Қанай, Тарғын, Жаңа Азовое) - 1,4; (Васильевка, Горняк, Каменка) - 1,5;

- 5) VI зона бойынша (Огневка, Бестерек) - 1,4; (Баяш Өтепов, Ақтөбе, Пролетарка, Жаңа Одесск, Отрадное, Макеевка) - 1,5;
- 6) VII зона бойынша (Жанұзақ, Борсақ, Изғұтты Айтықов) - 1,4; (Митрофановка, Мирное) - 1,5;
- 7) VIII зона бойынша (Троицкое, Алғабас, Екатериновка) - 1,5;
- 8) IX зона бойынша (Белогор кенті, Жоғарғы Тайынты) - 1,4; (Тоғанас) - 1,5;
- 9) X зона бойынша (Төменгі Тайынты, Бетқұдық, Қызылсу) - 1,4;
- 10) XI зона бойынша (Смолянка, Манат) - 1,4.

2. Алынып тасталды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 23.12.2015 № 300 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Бау-бақша серіктестігі жерлерінің базалық ставкаларына I - II зоналары бойынша (Молодежный, Акимовка, Васильевка, Донское) - 1,5; (Смолянка, Гусельничиха) - 1,4 түзету коэффициенттерін тағайындау.

4. Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 383 бабына сәйкес елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп жерлеріне салынатын базалық салық ставкаларына Ұлан ауданының аумағында орналасқан I зонадан IV зонаны қоса алғанда 1,5 түзету коэффициентін тағайындау.

5. Ұлан аудандық мәслихатының 2005 жылғы 14 желтоқсандағы № 132 "Ұлан ауданының жер салығының негізгі мөлшерлемесін түзету туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2006 жылдың 16 қаңтарында тіркелген нөмірі 5-17-15, "Ұлан таңы" газетінің 2006 жылғы 4 ақпандағы № 7 санында жарияланды) шешімнің күші жойылсын.

6. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Ұлан аудандық

мәслихатының хатшысы

Ж. Бухатов

Д. Турсунбаев